**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды даярлық сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07-11.11.2022ж

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №8 «Шаршы қатар»<br><br>Үй жануарларының қатарын толықтыру, қайталанбауын қадағалау. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Жануарлардың суреттерін көрсете отырып, жұмбақтар жасыру.**<br><br>*Кішкене ғана бойы бар*<br>*Айналдырып киген тоны бар.* (Қой)<br><br>*Сүт береді адамға,*<br>*Бұзау оның баласы.*<br>*Атауын сен тауып көр,*<br>*Мүйізіне қарашы.* (Сиыр) | **Үстел үсті ойыны** Пазылдар әлемі №1 картотека<br><br>Пазылдардан үй жануарларын құрап шығу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №5 «Лабирит»<br><br>Үй жануарларының төлдеріне жету жолын сызып көрсету. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған үй жануарының суретін үлгіге қарап бейнелеу және бояу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка,)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңберіне жиналу.**<br>*Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,*<br>*«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.*<br>*Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,*<br>*«Қараңғыда баспаған қорқағым!» деп.*<br>*Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,*<br>*«Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.*<br>*Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,*<br>*«Тастан тасқа секірген шұнағым!» деп.*<br>*Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Тұлпар болып жүгірер жұрым!» деп.* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br><br>**Дидактикалық ойын №44 картотека** «Қанша және нешінші»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>б-п дыбыстарын дұрыс, анық айту.<br>Сөйлем құрауға берілген сөздер: **Б**ұзау, **п**іл, **б**отақан, **б**үгін, кір**п**і, а**пп**ақ.<br>**Дидактикалық тапсырма:** «Суретке қарап сөйлем құрау»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Үй жануарлары жайлы өз ойларын айтып, өзінің қарым-қатынасын білдіру. Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Мақал-мәтелдер:** *«Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер», «Ат тұяғын тай басар».*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Заттардан бір қырымен аттап жүру, қосалқы қадаммен алға қарай аттап жүру. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>**Спорттық ойын:** «Футбол» | **Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>*Ащы шөпті сүйеді*<br>*Үйір-үйір жылқылар,*<br>*Су бойында шұрқырар.*<br>*Табын-табын сиырлар*<br>*Сауып ішсең – сүті нәр.*<br>*Отар-отар қой-ешкі*<br>*Өрістеп барад белесті.*<br>*Төрт түлік мал ырыс-құт,*<br>*Қара, бапта, дұрыс күт!*<br>Нұрхан Жанаев<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>"Қ" дыбысы және әріпін танып білу. Әріптен келетін сөздерді табу. Әріптің сөздегі орнын анықтау. Әріпті үлгі бойынша жазып үйрену.<br>**Жұмбақ:** *«Қойда» бар, «тойда» жоқ,*<br>*«Қарда» бар, «Нарда» жоқ.*<br>( «Қ» әріпі)<br>**Дидактикалық ойын** №1 картотека «Әріпті балмұздақ» №10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Музыка**<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>**Муз.тыңдау:** Үй жануарларының дыбыстауы<br>**Ән үйрену:** «Төлдер» Ғизатов<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Үй жануарларының сүйікті асымен, оларды тауып жеу жолдарымен, тіршілігімен танысу.<br>**Дидактикалық ойын №14 картотека** «Менің сүйікті асым» | **Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік шығару.<br>**Дидактикалық ойын** №45 картотека «Теңдік және теңсіздік»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>б-п дыбыстарын дұрыс, анық айту. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Сөзді аяқта»<br>**Ойынның шарты:**<br>Тәрбиеші сөздердің алғашқы буынын айтады, балалар суретке қарап жалғасын тауып, сөзді аяқтайды.<br>*Бұ-зау, бо-та, пар-та, кір-пі, а-па, ба-ба т.б.*<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп мысықтың суретін салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру.<br>Тапсырманы орындай отырып тақпақты қайталап жаттау.<br>*Мынау тұрған **мысық**,*<br>*Екі көзін қысып,*<br>*Ұйықтап отыр маужырап,*<br>*Сүт көжесін ішіп.*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру, кедергілер арасымен «жыланша» жүгіру.<br>**Эстафеталық ойын** «Кедергілер» | **Сауат ашу негіздері**<br>"Л" дыбысы және әріпін танып білу. «Л» дыбысынан келетін заттарды табу және сөздегі әріптің орнын табу.<br>Әріпті үлгі бойынша жазу.<br>*«Лақ», «лай», «қала», «ала»* сөздеріне дыбыстық талдау жасау.<br>**Дидактикалық ойын** №1 картотека «Әріпті балмұздақ» №10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Үй жануарлары жайлы өз ойларын айтып, өзінің қарым-қатынасын білдіру. Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>*«Ат – ердің қанаты»,*<br>*«Жүзден - жүйрік,*<br>*мыңнан – тұлпар»*<br><br>**Музыка**<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>**Муз.тыңдау:** Үй жануарларының дыбыстауы<br>**Ән үйрену:** «Төлдер» Ғизатов<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.<br>**Ертегі:** *«Дос іздеген бота»* | **Сауат ашу негіздері**<br>«М» дыбысы және әріпін танып білу. Сөз ішіндегі негізгі әріптің орнын табу. «М » әріпінен басталатын сөздерді айналадан іздеу, тауып айту. Әріпті үлгі бойынша жазу.<br>**Дидактикалық ойын** №1 «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны артық заттан бір затты алып тастау арқылы теңсіздіктен теңдік шығару.<br>**Дидактикалық ойын** №45 картотека «Теңдік және теңсіздік»<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Үй жануарларының сүйікті асымен, оларды тауып жеу жолдарымен, тіршілігімен танысу.<br>**Дидактикалық ойын №14 картотека** «Менің сүйікті асым»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).<br>**Қимылды ойын** №14 картотека «Допты қуып жет» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Күзгі ағашты бақылау.<br>Жапырақтың түсуін қадағалау, зерттеу.<br>Түскен жапырақтарды жинау.<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік»<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Аспанды бақылау, аспанға ұзағырақ қарау арқылы құстардың жоғын байқау, жылы жаққа ұшып кеткен құстар туралы шағын әңгімелесу.<br><br>Ойын алаңын түскен жапырақтардан тазалау.<br><br>**Қимылды ойын** №9 «Торғайлар мен қарғалар» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Сергіту сәті:<br>*Тіктеп титтей құлағың*<br>*Ботам былай жүреді*<br>*Сыртылдатып тұяғын*<br>*Бұзау былай жүреді.*<br>*Алға созып мойынын*<br>*Ойнақтайды ботақан*<br>*Көкке қарай мұрынын*<br>*Шұйіреді бұзауқан.*<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Күнді бақылау. Күннің көзіне ұзақ отырып оны жаз мезгілімен салыстыру.<br>Жаз мезгіліндегідей қатты ыстық болмайтынын түсіну.<br><br>Музыка тыңдау: «Төлдер» Ғизатов<br>Табиғат аясында отырып музыка тыңдау, сөзін жаттау.<br>**(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын, еңбек әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Ауа райын, желді бақылау.<br>Ауызбен үрлеу арқылы желдің дауысын салу, жерге түскен жапырақты алақандарына алып үрлеп ұшыру. Әрекеттен алған әсерлерін әңгімелеу, тәрбиеші сұрақтарына жауап іздеу.<br><br>Табиғат дыбыстарын, төрт түліктің дыбыстарын табиғат аясында отырып үнтаспадан тыңдау, алған әсерлерін әңгімелеу **(Музыка, қазақ тілі)** |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтпаштар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br>*«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады»* мақалды түсіну, жаттау.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Төлдер» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, әсемдеу.<br>Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Музыкадан берілген әнді әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау **(Музыка)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1 «Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдардан үй жануарларын құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу. | Көңілді музыкаға қарапайым ырғақты би қимылдарын орындай отырып бойларын сергіту.<br>**(Музыка)**<br><br>Кітап қарау, үй жануарларының суреттері берілген кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау, жануарларға ат қою.<br>**(Қазақ тілі)** | **Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті.**<br><br>Табиғи материалдармен шығармашылық жұмыстар орындау.<br>Мысалы: мақтамен қойды, жүнмен ешкіні бейнелеу. Қалай жасағандарын әңгімелеп айту. |

| | |
|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күннің салқындауына байланысты жылы киіну туралы кеңес беру<br>Үйде үй жануарлары туралы әңгімелесуге кеңес беру<br>Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған кітап, журнал беттерін қарау, көргенін әңгімелеу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Еркін тақырыпта бейнелеу, әдемі, ұқыпты бояу. | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны №4 картотека**<br>«Таяқшалар»<br><br>Түрлі үлгілерге қарап таяқшалардан бейнелер құрастыру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №5 картотека «Лабиринт» | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған суретін үлгіге қарап бейнелеу, бояу |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка,)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері**<br>*Таңертең – оянамыз, жуынамыз,*<br>*Бақшада бәріміз жолығамыз.*<br>*Түске дейін білім алып,* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Түсте ұйқтап тынығамыз.*<br>*Күндіз – ойнап, би билеп,*<br>*Шырқап әнде айтамыз.*<br>*Кешке келіп ата-ана,*<br>*Үйге бірге қайтамыз.*<br>*Түнде болып осылай*<br>*Тәтті ұйқыға батамыз. (Г.Есқалиева)* | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминдерін білу, түсіну, ажырату.<br>**Дидактикалық ойын «Сағат тілі»**<br>Балаларға сағат тілі бойынша сандарды айтқызу, уақытпен байланыстыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлемдегі сөздерді : зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Сөйлем құрауға қолданылатын сөздер:** «Сағат», «Неше?», «Қанша?».<br>**Жұмбақ**<br>*Түнде де, күндіз де,*<br>*Тынымсыз соғады.*<br>**(сағат)**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға үйрету.<br>**Мақал**: *«Уақыт – қадірін білгенге қазына».*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салтының негізгі компоненттері : дұрыс тамақтану, қимылдар, және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерін кеңейту. Күн тәртібімен, уақытпен жүруге қызығушылықтарын ояту, | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминдерін білу, түсіну, ажырату.<br>Дидактикалық ойын<br>**Дидактикалық ойын «Сағат тілі»**<br>Балаларға сағат тілі бойынша сандарды айтқызу, уақытпен байланыстыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың құрдастарымен түрлі дереккөздерден : ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Әңгіме арасында *«Қай уақытта, қай мезгілде болды?»* деген сұрақтарға жауап алу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>"Ө" дыбысын танып білу. "Ө" дыбысынан келетін сөздерді табу. Әрбір сөздің мағынасы болатыны түсіну. Сөздердегі «У» дыбысының орнын анықтау. Дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін ажырату. Әріпті үлгі бойынша жазып үйрену.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№42 картотека «Шардағы әріптер»<br><br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздің мағынасын түсінуге қызығушылықтарын ояту, сөздер ішіндегі «П», «П» дыбыстарына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу және дауысты, дауыссыз екенін ажырата білу. Дыбыстық талдау жасау. Әріпті үлгі бойынша жазу.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Музыка**<br>Дауыс жаттығуларын жасауда терция дыбыстарын ажыратуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>**Муз.тыңдау:** «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br>**Ән үйрену:** «Сырлы сағат» Т.Тоғжанов<br>Дидактикалық ойын: «Үнінен таны»<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Сурет салуда заттардың бейнесін өзіне тән ерекшеліктермен салу. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану, негізгі бөлікті тұтас кесектен жасау. Жапсыру бойынша сюжеттік композиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыру;<br>Құрастыру бойынша дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу. | **Математика негіздері**<br>Қарапайым есептеуді үйрену. 10-ға дейінгі сандарды қосу және азайту, көлемі бойынша салыстыру. 10-ға дейінгі сандар көлемінен теңдік және теңсіздік құру.<br>**Дидактикалық ойын** №48 картотека «Салыстыру»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлемдегі сөздерді : зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Сөйлем құрауға қолданылатын сөздер:** «Сағат», «Неше?», «Қанша?».<br><br>**Қазақ тілі**<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға үйрету.<br>**Мақал**: *«Уақытты бос өткізсең, өмірің бос өтеді»*<br><br>**Музыка**<br>Дауыс жаттығуларын жасауда терция дыбыстарын ажыратуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>**Муз.тыңдау:** «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br>**Ән үйрену:** «Сырлы сағат» Т.Тоғжанов<br>Дидактикалық ойын: «Үнінен | **Сауат ашу негіздері**<br>«Р» дыбысынан басталатын және ішінде «Р» дыбысы бар сөздерді табу, сөздердегі дыбыстарды анық айту, сөздің мағынасын түсіну. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың құрдастарымен түрлі дереккөздерден : ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Әңгіме арасында *«Қай уақытта, қай мезгілде болды?»* деген сұрақтарға жауап алу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>**Танысатын зат:** сағат түрлері (қол сағат, жар сағат, оятқыш)<br>**«Қоңыраулы сағат»**<br>*Әдет қалып бұрынғы,*<br>*Сапар ерте тұрады.*<br>*Оның осы қылығы,*<br>*Бәрімізге ұнады.*<br>*Көңілде көп алаңы,*<br>*Ойлайды ылғи: «Сабақ», - деп.*<br>*Атап кеттік баланы,*<br>*«Қоңыраулы сағат,» - деп.*<br>Жеңіс Қашқынов<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салтының негізгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру.<br>**Эстафеталық ойын: «Кім жылдам»** | Салауатты өмір салтының негізгі компоненттерінің бірі ұйқыдан кейін жасауға пайдалы жаттығулар түрлерімен таныстыру, жасату. Күнделікті жасауға кеңес беру.<br>**Эстафеталық ойын:** «Кедергілер» | *Қалаулары бойынша шығармашылық орталықтарға бөлініп, сағат түрлерін бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.*<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>**Танысатын зат:** сағат түрлері (қол сағат, жар сағат, оятқыш)<br>**«Қоңыраулы сағат»**<br>*Әдет қалып бұрынғы,*<br>*Сапар ерте тұрады.*<br>*Оның осы қылығы,*<br>*Бәрімізге ұнады.*<br>*Көңілде көп алаңы,*<br>*Ойлайды ылғи: «Сабақ», - деп.*<br>*Атап кеттік баланы,*<br>*«Қоңыраулы сағат,» - деп.*<br>Жеңіс Қашқынов | таны» | компоненттерінің бірі күн, ауа, су туралы түсінік беру. Таза ауада, күн астында түрлі жаттығулар орындау. Таза ауамен дұрыс тыныс алу, суды дұрыс пайдалану.<br>**Эстафеталық ойын:** «Құрсаулар» |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Алаңқайдағы ағаш жанындағы түскен жапырақтарды бақылау, қолмен қалаған жапырақтарын теріп жинау **( еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар. | **Шығармашылық іс-әрекет**<br><br>**Ырғақты -қимылды ойын**<br>«Көңілді әуен» **(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша желді бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, жел туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Бақша ауласындағы өсімдіктер мен ағаштарға күтім жасау, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br>**( еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет.**<br><br>Музыка іс әрекетінен берілген әнді таза ауада әуенімен тыңдау, сөзін қайталап жаттау.<br><br>Еркін ойындар | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту. **(қазақ тілі)**<br><br>Адамдардың қысқа дайындығын әңгімелеу.<br><br>Еркін ойын әрекеті. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Ұйқымыздан тұрамыз,<br>Беті қолды жуамыз.<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз.<br>(Бұл қай кезде болады?)<br>(Таңертең)<br><br>Оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп те қайтамын.<br>Тамағымды ішіп алып,<br>Түскі ұйқыға жатамын. (Күндіз)<br><br>Ұйқыдан тұрып,<br>Беті қолды жуып,<br>Төсекті жинап,<br>Таза ауа жұтып,<br>Кешкісін үйге қайтамын. (Бесін) | **Үстел үсті ойыны №8 картотека «Шаршы қатар»**<br>Біртекті заттар түрлерін толықтыру, қатар бойынша қайталанбауын қадағалау.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Шығармашылық, танымдық іс-әрекет**<br>Табиғи және қалдық материалдардың жаңа түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан сағат құрастыру, топтық жұмыс ұйымдастыру.<br><br>**Үстел үсті ойыны №1 картотека**<br>«Пазылдар әлемі» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>**Өлең жолдарын жаттап, мәнерлеп айтайық!**<br>*Бар уақыт дәлдікте,*<br>*Алпыс минут – бір сағат.*<br>*Қанша сағат тәулікте,*<br>*Береді екен кім санап?*<br>*Сағатты дәл көрсетер,*<br>*Қысқа тілі байланған.*<br>*Ұзын тілі көрсетер,*<br>*Минуттарды айналған.*<br><br>**Үстелүсті ойыны №2 картотека**<br>«Құрылысшы» | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** картотека №6 «Домино»<br><br>**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br>Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.<br>- Алдымен кеш түседі, содан соң түн болады.<br>- Біз таңғы асты кешке ішеміз.<br>- Біз түнде серуендейміз.<br>- Күндізден кейін кеш болады.<br>-Таңертең ерте бақшаға келеміз.<br>-Түнде тамақ ішеміз. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен уақыт, тәулік туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 28-02.12.2022ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Кітап, журнал беттерінен суреттер қарау, апта күндеріне, тәулікке, күн мен түнге және жыл мезгілдеріне сәйкестендіріп әңгімелеу.<br><br>Апта күндерімен танысу, ретімен атау. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті , танымдық іс-әрекеті.**<br><br>Күн мен түн бейнесін үлгіге қарап бояу.<br><br>Апта күндерімен танысуды жалғастыру, ретімен атау. | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үті ойыны №1 картотека** «Пазылдар әлемі»<br><br>Жыл мезгілдерін құрастыру, әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Қимылды ойын** №10 картотека | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Әр бала өзінің сүйікті жыл мезгілін бейнелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка,)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері**<br>*Біз қандаймыз, қандаймыз?*<br>*Шұғылалы таңдаймыз,*<br>*күлімдеген күндейміз*<br>*Еш уайымды білмейміз,*<br>*Апта күнін білеміз,*<br>*Күнде айтып жүреміз.*<br>*Жыл мезгілді білеміз,*<br>*Осындаймыз міне біз.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Апта күндерінің ретімен танысу, санау, білу. 7 санымен аптаның 7 күнін сәйкестендіру.<br><br>Қ. Жұмағалиевтің өлеңі<br>**«Жеті ұл»**<br>Біріншісі - дүйсенбі<br>Екіншісі - сейсенбі<br>Үшіншісі - сәрсенбі<br>Төртіншісі -бейсенбі<br>Бесіншісі - жұма<br>Алтыншысы –сенбі<br>Жетіншісі - жексенбі<br><br>**ДО №28 картотека** «Санап үйренейік»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.<br>**ДО картотека №24**«Жыл мезгілдері»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге дағдылану.<br>**Сөйлем құрауға қолданылатын сөздер:** апта күндері, жыл мезгілдері, уақыт, күндіз, кешке, түнде, таңда.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Гимнастикалық қабырғаға тұрып белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.<br>**Қимылды ойын** №4 «Қызықты баскетбол» | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Апта күндері туралы білімдерін кеңейту. Жылдың 4 мезгілін санау. 4 мезгіл мен 4 санын сәйкестендіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Әдеби шығармаларды эмоционаллды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «С» дыбысына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Әріпті үлгі үстінен басып жазу, қолды жазуға дайындау.<br>Қолданылатын негізгі сөздер: *«**С**енбі», «**С**әр**с**енбі», «**С**ағат».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№42 картотека «Шардағы әріптер»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап , аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру.<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Қысқы спорттық ойын**<br>«Хоккей» | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «Т» дыбысына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Әріпті үлгі үстінен басып жазу, қолды жазуға дайындау.<br>Қолданылатын негізгі сөздер: *«Ап**т**а», «**т**үн», «**т**әулік», «ба**т**а».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ән үйрену:** «Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов.<br>**Ырғақты-қимылды ойын:** «Барабан не дейді?»<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп күннің және ай мен жұлдыздардың суретін салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Құрастыру бойынша ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу, шығармашылық ойлауды дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**Сенбілік жұмыстары туралы түсінік беру.**<br>**ДО картотека №17** «Іс-әрекет» | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау.<br>Апта күндері, жыл мезгілдері, тәулік туралы алған білімдерін бекіту, күнделікті қолдану.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.<br>**ДО картотека №24**«Жыл мезгілдері»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Мақалды түсіну, қолдану, мысал келтіру**<br>*«Әрнәрсе уақытымен қызықты»*<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ән үйрену:** «Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов.<br>**Ырғақты-қимылды ойын:** «Барабан не дейді?» | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «У» дыбысына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Әріпті үлгі үстінен басып жазу, қолды жазуға дайындау.<br>Қолданылатын негізгі сөздер: ***«Уақыт», «ауа», «Туыс», «Ту».***<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>*Біздің ақ лақ ерке бала секілді,*<br>*ДҮЙСЕНБІДЕ тастан тасқа секірді.*<br>*СЕЙСЕНБІДЕ қуды тауық, үйректі,*<br>*СӘРСЕНБІДЕ көген жіпті сүйретті.*<br>*БЕЙСЕНБІДЕ күні бойы ақсады,*<br>*ЖҰМА күні кезіп жүрді бақшаны.*<br>*СЕНБІ күні гүл-шашақты жеп алды,*<br>*ЖЕКСЕНБІДЕ шаршады да демалды.*<br>*Осылайша өте шықты бір АПТА,*<br>*Лағым — осы, ұнат, мейлі, ұнатпа.*<br>Ертай Ашықбаев<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Аптаның сенбі және жексенбі күндерінде, үйде ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды есте ұстауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **ДО картотека №17** «Іс-әрекет»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Меңгерген гимнастикалық қабырғада орындалатын жаттығуларды біріктіру, байланыстыра жасау. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Қысқы спорттық ойын** «Шаңғы» |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту. **(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойындар. | **Шығармашылық іс-әрекет**<br><br>Көңілді әуенге ырғақты - қимылдар орындау, флешмоб ұйымдастыру. **(Музыка)**<br><br>Таза ауада қимылмен орындау.<br>*Дүйсенбіде доп ойнадық далада*<br>*Сейсенбіде серуен құрдық аулада*<br>*Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп*<br>*Бейсенбіде би биледік әндетіп*<br>*Жұма күні жұмбақ шештік*<br>*Сенбі күні фильм көрдік*<br>*Жексенбіде үйде болып*<br>*Осылайша өте шығар 1 апта* | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша желді бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, жел туралы өз ойларын айту. **(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту. **(қазақ тілі)**<br><br>**Қимылды ойын** №16 картотека «Күн мен бұлт»<br><br>Еркін ойындар | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту. **(қазақ тілі)**<br><br>Ағашты мекендейтін жануарларды, олардың еңбекқорлығын , қысқа дайындығын әңгімелеу.<br><br>Ағаш айналасын бұталардан тазалау.<br><br>Еркін ойын әрекеті. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша боямақтарды таңдап алып ұқыпты бояу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Ие жеке атқа,<br>Жеті күн бар, апта,<br>Ретімен айт, жатқа.<br>(Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, | **Үстел үсті ойыны** №5 картотека «Лабиринт»<br>Жыл мезгілдеріне тән бейнелерді байланыстыру.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | *Күз –сары түсті*<br>*Қыс – ақ түсті*<br>*Көктем — көк түсті*<br>*Жаз — жасыл түсті*<br>**Жыл мезгілдерін өз түстеріне бояу. Жыл мезгілдерінің өзіне тән түстерін есте сақтап алу.**<br><br>**(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Кітаптар, журналдардан жыл мезгілдеріне тән суреттер қарау, алған әсерлерімен бөлісу.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет** | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** картотека №8 «Қатар»<br><br>Жыл мезгілдеріне тән құбылыстарды толықтыру, бір қатарда бір құбылыстың екі рет қайталанбауын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейсенбі,жұма, сенбі, жексенбі)<br>— Ескен Елубаев<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | | | «Күн мен түн» тақырыбында сурет салу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен апта күндері туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту, сәтті күн тілеу. | | | | |